



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мәжіліс

Тапсырма тиянақты орындалуы тиіс

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Мәжіліске аудандық мәслихат төрағасы, аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары, кент, ауылдық округ әкімдері, ішкі істер органы мен мекеме басшылары қатысты.



Жиында күн тәртібіне сәйкес 2025 жылғы өртке қарсы маусымға дайындық бойынша қабылданып жатқан шаралар, су тасқыны жағдайын зерделеу және алдын алу туралы 2 мәселе қаралды. Бірінші мәселе бойынша ауданда жеке тұрғын үй секторларындағы өрт қауіпсіздігі ереже-талаптарын сақтау, төтенше жағдайлар қаупі туындаған уақытта аудан халқын құлақтандыру мақсатында азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесінің жай-күйі, өрттің алдын алу және сөндіру міндеттерін шұғыл орындау үшін елді мекендерде құрылған ерікті өртке қарсы жасақтардың және техникалар мен қажетті құрал-жабдықтардың дайын болуы, дала өртінің алдын алу үшін қажетті шаралар қабылдау тапсырылды.

Екінші мәселе бойынша су басу қаупі бар учаскелерді қатан бақылауға алу, тиісті қызметтердің тәулік бойы кезекшілігін үздіксіз қамтамасыз ету, аудандағы Сырдария өзені мен Қараөзек арнасының бойындағы қорғаныс бөгеттеріне зерделеу жұмыстарын тұрақты жүргізу бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Мәжілісте Мемлекет басшысының 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру туралы тапсырмасына сәйкес атқарылып жатқан және 2025 жылы атқарылуы тиіс мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысының 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру туралы тапсырмасы аясында облыс әкімімен 2025 жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту картасы бекітілген болатын. Аудан әкімі биыл аудан бойынша құрылуы тиіс жаңа жұмыс орындары төмен екенін айтып, мамыр айына дейін меженің жоспарға сәйкес орындалуын қатаң тапсырды.

Тапсырмалардың сапалы әрі уақытылы орындалуын бақылау жетекшілік ететін салалары бойынша аудан әкімінің орынбасарларына жүктелді.

Мерей СЕКСЕНБАЙ,
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың
4-курс студенті

Науқан



Шаруасы шираған еңбек ұжымы

Батыр атындағы ауылда жергілікті шаруашылықтар көктемгі науқанға ерте қамданады, биыл да осы дәстүр сабақтастығы үзілген жоқ. Қарапайым шаруа адамдарын бұл уақытта егіс басынан табасыз. Біз де оған үйреніп қалдық, Бұқарбай батырға бұрылмай, тура егістікке жол тартқанымыз да сондықтан.

Иә, бұл жолы да жолымыздан жаңылмадық, техника біткен атыз көшіп жүр. Бірі жерді сүдігерлесе, енді бірі артынан тоңын жазып келеді. Әріректе тағы қос механизатор жаңа жоңышқаның жерін дайындап өлгек. Даланы дүбірге толтырған еңбек адамдары енді бір аттаса, дән себуді де бастағалы тұр. Ауылдағы «Ахон» шаруа қожалығы өткен жылы 150 гектар жермен жұмысын бастаған. Бірақ алқаптағы алып техникаларға, шираған шаруаға қарап

шаруашылықтардың ішінде кенжесі деп ешкім ойламайды. Былтыр 150 гектар жерге «Лидер» сұрпын сепкен шаруашылық күзде гектарынан 51 центнерден орташа өнім жиыпты. Оның шығымына 6 диқан жауапкершілікпен қараған. Жалғыз механизатор жауын-шашынға қалдырмай, бітік шыққан астықты қырманға құйды. Былтыр межеден артық өнім алғандар қатарында даңғайыр диқандардың ізбасары Толыбай Тойқазы да бар.

Қуантарлығы, жаздай күрішпен бірге күнге күйген сушының есіл еңбегі еш кетпеген. Оның саладағы жемісті еңбегін басқа да әріптестеріне үлгі ету мақсатында төраға Ақылбек Мейрамбекұлы жоғары бағалаған. Күрішші күзгі науқанда жалақысынан бөлек 1 млн теңге қаржылай сыйақы алды, мұнан бөлек темір тұлпар тақылдаған. Төкең биыл да межеден артық өнім алуды көздеп отыр. Басқа әріптестерін былай қойғанда былтырғы құрмет оған

үлкен шабыт беріпті. Қыстай кетпенін мұзға қайраған диқан атызға су келетін құлақтарды ашып, егілетін күріштің күтіміне өлден қам жасап жүр.

— Шаруашылық былтыр ғана құрылды, сондықтан айтарлықтай қолдау күткеніміз жоқ. Бірақ күзгі науқанда төбеміз көкке жеткендей қуандық, төраға азды-көпті еңбегімізді елеп, көлік те мінгізді, қаржылай сыйақы да берді. Мұндай қолдау біз сияқты қарапайым шаруа адамдарына үлкен шабыт береді. Әлі күріштің жеріне техника кірген жоқ, бірақ су келетін құлақтарын кеңейтіп қойдым. Мұның бәрі — мол өнім алудың қамы. Алдағы аптада күріштік жерлер сүдігерден өтеді. Биыл да күріштен межеден артық өнім алуға жұмыс жасаймын, — дейді диқан Толыбай Тойқазы.

Жалғасы 2-бетте

Маман мерейі



Білікті педагог

Гүлдана Өтеуованың Аламесек ауылындағы №124 орта мектепте музыка пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеп жатқанына 30 жыл болды. Білікті педагог мектеп қабырғасында оқып жүргенде-ақ музыка сабағына ерекше қызығушылық танытып, баян үйірмесіне қатысқан.

Бала күнгі арманын орындау үшін жоғары оқу орнына түсіп, оны ойдағыдай аяқтап шыққан кейіпкеріміз ең алғаш еңбек жолын ауылдағы алтын ұядан бастаған. Сол жылдары ауылдағы мәдениет үйінде «Қыр-қызғалдақтар» ән-би ансамблінің мүшесі болып, түрлі шараларға қатысқан. Ұлағатты ұстаз оқушыларға білім берумен қатар өзінің біліктілігін арттыру үшін де түрлі аудандық, облыстық сайыста бақ сынап, жүлделі қайтқан.

Ол 1995 жылдан 2015 жылға дейін 20 жыл үздіксіз білім қызметкерлері арасында өтетін «Наурыз шапағаты» өнер фестиваліне қатысқаны үшін арнайы төсбелгі тақты. Бұл байқауға ән, би, хор, оркестр өнері бойынша қатысқан. Мұнан бөлек биыл «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталықтың ұйымдастыруымен 8 наурыз — халықаралық әйелдер күніне орай

«Аяулы ана» атты республикалық байқауда да бақ сынаған. Сайыстың басты мақсаты — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын ардақты аналарымыз, іскер әйелдер, еліне сыйлы, еріне адал қазақ ханымдары арасында кеңінен насихаттау.

— Бір күні мектеп директорының орынбасары келіп «Апай, бізге «Аяулы ана» деген республикалық байқау келіп тұр. Осы байқауға біздің мектептен қатысуға сізді лайық көріп тұрмыз» деп ұсыныс айтты. Мен ешқандай қарсылық танытпай, қатысамын деп шештім. Жарыс ережесі бойынша өмірбаянымды жазып, қосымша өзімнің және шәкірттерімнің жеткен жетістіктерін жібердім. Араға біраз уақыт салып Астанаға арнайы шақырту алдым. Бұл жақта 100-ге жуық ұстаз бен кәсіпкер бас

қосқан үлкен форум өтті. Осы кездесуде арнайы «Аяулы ана» атты орденмен және I дәрежелі дипломмен марапатталдым, — дейді білікті педагог.

Кейіпкеріміз еңбек еткен жылдары бірнеше мәрте марапат төрінен көрінген. Аудандық білім бөлімінің, облыстық басқарманың арнайы алғыс хаты мен «Құрмет» грамотасын иеленген. Сондай-ақ «Үздік музыка пәнінің мұғалімі» байқауында II орын алған. Ол тек музыка пәнінен сабақ берумен шектелмей, оқушыларға би өнерінің де қыр-сырын үйретті. Нәтижесінде «Сыр жұлдыздары» атты аудандық жас өнерпаздар байқауының би өнері кезеңінде шәкірттері I орын жеңіп алған.

30 жыл қызмет еткен ұстаздан қаншама шәкірт білім алды. Соның бірі — айтыскер ақын, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов. Айтудың, айтыскер ақынды ең алғаш ұлттық өнерге баулыған кейіпкеріміздің өзі екен. Сондай-ақ кезінде өзі өнер көрсеткен «Қыр-қызғалдақтар» ән-би ансамбліне қазіргі таңда ұлағатты ұстаздың шәкірті жетекшілік етеді. Ал бүгінгі шәкірттері облыстық, республикалық додаларда топ жарып жүр. Оқушылар қандай жетістікке жетсе де олардың артында ұстаздың тамшыдай болса да үлесі бары анық.

Әр оқушының шамшырағын жағып, оқуға деген құштарлығын арттыру — әрбір

ұстаздың басты міндеті. Күнде мектепке «Бүгінгі тақырыпты оқушыларға қалай өткізсем қызықты болады?» деген оймен келетін кейіпкеріміз ескі кітап-журналдардан керекті әдіс-тәсілдерді түртіп алып, жаңаша бағытта сабақты оқушының есінде қалатындай етіп өткізуге тырысатынын айтты.

— Осыдан бірнеше жыл бұрын мектеп аттестациядан өтетін кезде бізге облыстан арнайы топ келді. Олар менің сабағымға қатысып, оқушымен жұмыс жасауыма, тақырыпты терең ашып, оны түсіндіруіме жоғары баға беріп, ерекше қызығушылық танытты. Сабақтан соң келген топтың басшысы маған әде-рінің командаларына қосылуға ұсыныс тастады. Алайда мен балам кішкентай болғандықтан әрі ауылдағы шәкірттерімді тастап кете алмағандықтан ұсыныстарын қабылдамадым, — дейді ол.

Иә, білікті ұстаз болу екінің бірінің қолынан келмейді. Себебі ұстаз болу — үлкен даналықты, қаталдықты, қажет болса баламен бала болуды талап ететін мәртебелі мамандық. Бала кезінен білікті маман болу үшін еңбектенген Гүлдана Қонақбайқызы бүгінде соның жемісін көріп отыр. Ол алдағы уақытта да шәкірттерінің талантын ұштап, талай таланттың талабын шындық бермек.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Су сапасы – бақылауда

Су – тіршілік көзі. Онсыз өмірді елестету мүмкін емес. Тіпті адам денесінің 70 пайыздан астамы судан тұратынын ескерсек, судың сапасы денсаулыққа әсер етпей қоймайды. Сондықтан ауызсу сапасын зертханалық зерттеулермен тұрақты бақылау, сумен жабдықтау нысандарын дезинфекциялау жұмыстарын тұрақты жүргізу маңызды.

«Аманат» партиясы Жалағаш аудандық филиалының ұйымдастыруымен партиялық бақылау комиссиясының мүшелері партияның сайлауалды бағдарламасының жол картасында көзделген қалалар мен ауылдық елді мекендер тұрғындарының таза ауыз сумен қамтамасыз етілуі бойынша Аққыр, Жаңаталап, Темірбек Жүргенов, Мәдениет, Мырзабай ахун, Бұқарбай батыр, Жаңадария, Аламесек, Еңбек ауылдық округтеріндегі ауыз су мекемелеріндегі су техникалары мен құбырларының техникалық жағдайына мониторинг жүргізді. Зерттеу жұмыстарына «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, аудандық мәслихат депутаты Қайрат Досымов, халық қалаулылары Гүлзат Құрманбаева, Қуат Ахетов, партиялық бақылау комиссиясы мүшелері Уалихан Пірманов пен Бақытбек Төлеков қатысты. Олар ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамту барысын бақылап, шешімін күткен мәселелерді анықтады.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда су мәселесіне арнайы тоқталып, «Ел экономикасын тұрақты дамытуға су тапшылығы қатты кедергі болып отыр. Қазір бұл ұлттық



қауіпсіздік мәселесіне айналды. Сырттан келетін су азайып барады. Сол судың өзін тиімсіз пайдалану жағдайды одан әрі ушықтыруда» деді. «Судың да сұрауы бар» дегендей, үнемдеуге бет бұратын уақыт жетті. Әсіресе заманауи су үнемдеу технологияларын енгізу ауыл шаруашылығының дамуына жаңа серпін беріп қана қоймай, ысырапшылықтың алдын алатыны анық. Сондай-ақ сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғау аймағында мал өлекесін көметін орындарды, ассенизациялау өрісі, сузілу өрісі, көң қоймалар, сүрме орлар, мал шаруашылығы, құс өсіретін шаруашылық субъектілері, жерасты суларының микробтық, химиялық ластану қаупіне себепші болатын нысандарды орналастыруға, тыңайтқыш және улы химикаттарды қолдануға және басқа да объектілерді орналастыруға жол беріл-

мейді. Бүгінде жұмысымыз су сапасына деген талаптар қатаң жолға қойылып, пайдаланып отырған суымыздың таза әрі зиянсыз екеніне кепілдік беруге бағытталып отыр. Мониторинг жұмыстары алдағы уақытта өз жұмысын жалғастыратын болады, – деді аудандық мәслихат депутаты Қайрат Досымов.

Айта кетейік, Қызылорда облысы тұрғындарының орталықтандырылған ауызсу жүйесімен 98,9, орталықтан-дырылмаған сумен 1, тасымалды ауыз сумен 0,1 пайызға қамтамасыз етілген. Жалпы облыс бойынша негізінен жер асты су көздері пайдаланылуда.

Бүгінде Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бақылауында 203 сумен жабдықтау объектісі бар, оның ішінде 186 орталықтандырылған жүйелердің су құбырлары және 17 ор-

талықтандырылмаған сумен жабдықтау объектілері жұмыс істеді. Биыл І тоқсанда орталықтандырылған сумен жабдықтау нысандарынан микробиологиялық көрсеткіштеріне 424 су сынамасы алынып, сәйкессіздік анықталмаған. Ауыз судың санитарлық-химиялық көрсеткіштеріне 393 сынама алынып, оның 13-нен сәйкессіздік анықталған, сай келмейтін сынамалар 3,31 пайызды құрайды.

Талаптарға сай келмейтін су сынамалары Жалағаш, Шиелі аудандарында және Қызылорда қаласында анықталған. Санитарлық-химиялық көрсеткіштер бойынша сәйкессіздік көбіне құрғақ қалдық, хлоридтер, сульфаттар нормадан жоғары көрсетілді. Халық арасында су факторына байланысты аурушандық тіркелмеген.

Ж.АРЫН

Шаруасы шираған еңбек ұжымы



Төраға Ақылбек Мейрамбекұлы биыл егістік көлемі айтарлықтай көбейгенін айтады. Мәселен, былтыр шаруашылық 150 гектар жерге Сыр салысын сепсе, биыл 900 гектарға жуық алқапқа күріш егіледі. Мұнан бөлек 420 гектар жаңа жоңышқасы тағы бар, бүгінде 350 гектар жаңа жоңышқа егіліп, 60 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған. Алдағы аптада бұл алқаптағы жұмысын қорытындылап, механизаторлар күріштіктің жерін жыртады.

– Былтыр тек «Лидер» екенбіз, биыл оған «Янтарь» мен «Король» сұрпы қосылып отыр. Алғашқысы ауылда бұрын да егілген, ал «Корольды» тәжірибелік мақсатта өккелі отырмыз. Бұл өнімнің күтімі таңсық емес, тіпті пісіп-жетілуді уақыты «Лидермен» бірдей, яғни 120 күнде ораққа дайын тұрады. Егер күзгі науқанда мол өнім берсе, «Король» сұрпының алқабын көбейтеміз, – дейді Ақылбек Мейрамбекұлы.

Ахаң былтыр аяқсудан айтарлықтай тапшылық болмағанын айтады. Бұл бір жағынан мол өнім алуға үлкен сеп

болыпты. Мұнда шаруашылық иелері бір мәмілеге келіп, суды кезекпен алған. Нәтижесінде аяқсудан айтарлықтай тапшылық көрмейті. Оның үстіне «Мелиоратор» мекемесі де егістікке аяқсу келетін каналдар мен ішкі арықтарды уақытылы қазып, шаруалардың жағдайын жасаған.

– Кезектесіп суарудың пайдасы мол екен, былтыр соның арқасында судан мәселе болған жоқ. Оның үстіне «Мелиоратор» мекемесі де біздің еш кедергісіз су алуымызға бар жағдайды жасады. Бердібек Мыханов ағамыз басшылық ететін ұжымға алғыстан басқаайтарымызжоқ. Соныңарқасында былтыр межелі өнімге қол жеткізіп, жылды табысты қорытындыладық. Қазір жоңышқалықта 5-6 күндей жұмыс бар, соны бітірсек, күрішке көшеміз. Бұйыртыс, биыл да аяқсудан тапшылық болмайды деген үміттеміз. Қазір негізгі жұмыс механизаторларда, ал диқанدار және басқа да шаруа адамдары атыздың ішін қалыпқа келтіру, қоршау жұмыстарымен жүр, – дейді төраға.



Шаруашылық биыл егіс көлемін көбейткесін техникалық базаны да нығайтуға басымдық беруде. Мәселен, былдың өзінде 200 млн теңгеге жаңа техникалар алған. Олардың қатарында жер жыртытын алып тракторлар, аяқсу каналдарын қалыпқа келтіруге арналған техникалар, дискілер мен жерді тегістейтін лазерлер бар.

Қазіргі таңда «Ахон» ШҚ-да 40-қа жуық еңбек адамы жұмыс жасайды. Барлығы да батыр атындағы ауылдан. Ақылбек Мейрамбекұлы жұмыспен қамтуда жергілікті азаматтарға басымдық берілетінін айтады. Тіпті алдағы уақытта егіс көлемі көбейсе, тағы да ауыл азаматтарына екі қолға бір күрек тауып беруге ниетті.

Аханың сөзіне сенсек, биыл да бұл ұжым сыйақыдан құрқалмайтын сияқты. Төраға күзгі науқан қорытындысымен мол өнім алуға нәтижелі еңбек еткендер биыл да қаржылай сыйақыдан құр қалмайтынын айтады. Мұнан бөлек ауыл еңбеккерлерінің ішінде үздіктерге 3 темір тұлпар табыстамақ.

Биыл «Ахон» ШҚ егінді өртарпап тандыруға басымдық беруде. Мәселен, қазірдің өзінде жоңышқа көлемі айтарлықтай артқан. Мұнан бөлек 60 гектарға жуық алқапқа мақсары, 30 гектарға бидай егілген. Бүгінде әкегіс жұмыстары қорытындыланып, күріштік атыздарды сүдігерлеуге кірісуде. Ал ауылдағы ағайынға бақша салу үшін биыл 3 гектар жер ашылады. Бақша салуға ниетті ауылдағы ағайын үшін бұл үлкен көмек болғалы тұр. Себебі шаруашылық жерді ашып, оны қоршап, тіпті аяқсуды да жеткізіп береді. Тек бағбандар екен өнімнің күтіміне жауапты.

Жалпы былтыр ғана жұмысын бастаған шаруашылықтың бүгінде шаруасы шираған. Әлбетте мұның бәрі ауыз-біршіліктің нәтижесі екені айтпаса да түсінікті. Ынтымақ бар жерде береке болатынын ауыл еңбеккерлері жақсы түсінеді. Сол бірліктің арқасында ауылдағы шаруаны ширатып отыр.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ
Басы 1-бетте

Қылмыстың алдын алған абзал



Биыл 10-сәуір және 6-мамыр аралығында облыс көлемінде «Жасөспірім» жедел профилактикалық іс-шарасы өтіп жатыр. Аталған іс-шара Жалағашта да жалғасын табуда. Орталық алаңда аудандық полиция бөлімінің бастығы Мақсат Баймағанбетов нұсқаулық жиын өткізді. Жиыңға бөлімнің жеке құрамы, аудандық мәслихат депутаты, аудан әкімдігінің қызметкерлері, аудандық жастар ресурстық орталығы және қоғам бөлсенділері мен білім, кәсіпкерлік бөлімі қызметкерлері қатысып, түнгі рейд жұмыстары ұйымдастырылды.

Іс-шара аясында аудан көлемінде түнгі мезгілде ата-анасының қараусыз жүрген 30 жасөспірім анықталып, ата-аналарға қатысты Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 442-бабының 2-бөлігімен өкімшілік шара көрілді. 1 ата-анаға қатысты ӘҚБтК-нің 127 бабының 3 бөлігімен атаның тәрбие беру жөнінде міндеттерін орындамағаны үшін шара көрілген. Аудан көлемінде құқық бұзушылықтың

алдын алу бағытында құрылған мобильдік топ өкілдері Жалағаш ауданында халық көп шоғырланатын орындар, кафе мен ойын-сауық орталықтарында нысан иесі мен тұрғындарға заң талаптарын түсіндіріп, алдын алу шараларын тұрақты түрде жүргізіп келеді.

Көмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22:00-ден таңғы сағат 06:00-ге дейін

ойын-сауық мекемелерінде болуы заңды өкілдеріне 3 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар көмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде 23:00-ден соң жүруі бойынша бірқатар мәселе қаралды.

Жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көмелетке толмағандар және жастар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында рейдтік жұмыстардың маңызы зор. Бала тәрбиесінде, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мұғалімдер ғана емес, ең алдымен ата-ана да жауапты. Сондықтан әрбір ата-ана жауапкершіліктен жалтармай, бала тәртібін қадағалап, үнемі бақылауда ұстауы және төмендегі ескертпені назарға алуы қажет.

Айдана НАЗАРБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы КУ-дың
4-курс студенті

Еңбек адамы



Антына адал маман

КЕЗ КЕЛГЕН АДАМ БАСЫ АУЫРЫП, БАЛТЫРЫ СЫЗДАҒАНДА ДЕРТІНЕ ШИПА ІЗДЕП АҚХАЛАТТЫЛАРДЫҢ КӨМЕГІНЕ ЖҮГІНЕДІ. ӘР НАУҚАСҚА ЕРЕКШЕ МЕЙІРІММЕН ҚАРАП, ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҒАНА ЕМЕС, СӨЗІМЕН ДЕ ЕМДЕЙТІН АБЗАЛ ЖАНДАР КӨП. СОНЫҢ БІРІ – АУДАҢДЫҚ ЕМХАНАДАҒЫ №5-ІНШІ АЙМАҚТЫҢ МЕЙІРГЕРІ АЙДАНА СЫЗДЫҚОВА.

Кейіпкерімізбен тілдесу үшін арнайы емханаға аялдадық. Кезекте тұрған тұрғындар да көп. Айдана әрқайсысымен жылы сөйлесіп, дәрігер тағайындаған нұсқаулық бойынша дәрі-дәрмектерін беруде. «Алдымен алдындағы науқастарды жіберіп алайын» деген сөзіне қарап, халық саулығын бәрінен жоғары қоятынын аңғардық.

Кейіпкеріміздің бұл салаға келуіне бауырлары себепкер болған. Айтуынша, аға-әпкелері – медицина саласына сүбелі үлес қосқан абзал жандар. Бірі қалалық емханада еңбек етсе, енді бірі аудандық перзентхана бөлімінде акушер мейірбике болып жұмыс жасайды. Ес білгені алдыңғы бауырларының жолын өзіне үлгі еткен ол мектеп бітірген соң Қызылорда қаласындағы «Өркеніет» медициналық колледжінде білім алған.

– Бала күнінен дәрігер болуды қатты армандадым. Халыққа адал қызмет етіп, дертіне шипа сұрап келген жандарға көмектессем деген ой болды. Бүгінде арманым орындалып, халыққа қалтқысыз қызмет етудемін. Әрине, ақхалатты кірлетпей, дәрігер болу оңай емес, десе де мамандығымға деген құрметім ерекше, – дейді ол.

Адам жанының арашасы болуды басты мақсат еткен кейіпкеріміз алғашқы еңбек жолын ауруханадағы балалар бөлімінен бастаған. Кейін емханадағы аймақ мейіргеріне ауысып, бүгінге дейін қызметін абыроймен атқарып, көптің алғысына бөленіп келеді.

– Мейірбике болу – білім мен жан-жақтылықты талап ететін ерекше қызмет. Олар – тек дәрігердің көмекшісі ғана емес, үнемі ізденіс үстінде жүретін, адам өмірі үшін дер кезінде шешім қабылдай алатын маман. Сондықтан бұл мамандық үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Өзім жауапты аймақта егде жастағы тұрғындармен жұмыс жасаймын. Кейде күн-түн демей мереке күндері де тұрғындардың саулығын қадағалап, үнемі байланыста боламыз. Үйден ем алатын науқастарға да арнайы барып, қажетті ем-шарасын уақытылы жүргіземіз, – дейді ол.

Айта кетейік, кейіпкеріміз жұмыс жасайтын №5-інші аймақта 1532 тұрғын бар. Ол тұрғындардың тегін дәрі-дәрмекпен қамтылуына, уақытылы скринингтік тексеру, флюорографиялық тексеруден өтуіне жауапты. Айтуынша, кей тұрғындар денсаулығына немқұрайлы қарап, уақытылы тексерілмейді. Сол үшін көше аралап, тұрғындардың тексеруден өтуіне жүйелі жұмыс жасайды. Қазір тұрғындардың көбі қан қысымы, қант диабеті, қаназдық, жүректің ишемиялық аурулары мен асқазан ішек-жолдарымен ауырады. Оның ішінде 299 адам түрлі диагнозбен есепте тұрып, тегін дәрі-дәрмекпен уақытылы қамтамасыз етілуде.

Жергілікті тұрғындарға адал қызмет көрсетуде өзінің білімі мен біліктілігін, тәжірибелі маман екенін бірнеше мәрте дәлелдеген кейіпкеріміз өз аймағындағы тұрғындардың ризашылығына бөленіп, алғыс арқалап жүр. Бұны онымен тілдесуге барғанда кезекте тұрған тұрғындардың әңгімесінен байқадық.

– Айдана қызым – өте қарапайым жан. Мен қан қысымы диагнозы бойынша есепте тұрып, тегін дәрі-дәрмек аламын. Үйге жиі келіп қан қысымымды өлшеп, жағдайымызды сұрап тұрады, – дейді кент тұрғыны Айша Есенбаева.

Ауырған жанның дертіне шипа тауып, өміріне қауіп төнген сәтте араша түсіп, тіпті кейде екінші рет өмір сыйлап жататын абзал жанның жұмысы осындай. Ол – денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп қана қоймай, халықтың ықыласына бөленіп жүр. Күндіз-түні тынымсыз еңбек етіп, дерттің дер кезінде емін табуға бар білім-біліктілігі мен күш-жігерін салатын дәрігерлердің қашанда еңбегі ерен.

Айдананың антына адал жұмысына жауаптылығына басшылық та жоғары баға беріп отыр. Ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсартуға бағытталған оның әр күні елдің алғысын алумен аяқталады. 10 жылға жуық уақытта қаншама жанның дертіне шипа тапқан оның ерен еңбегі еш кетпей, бірнеше мәрте марапат төрінен көрінген. Жеткен жетістігіне тоқмейілсуді білмейтін кейіпкеріміз халықтың алғысынан шабыт алып, саналы ғұмырын денсаулық сақтау саласына арнап келеді.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



Екі майдан ерлері

Міне, биыл Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 80 жыл толды. Бұл – сол кездегі Кеңес одағы халқының ержүректігі мен төзімділігін паш етіп, тарихта мәңгілік қалған күн. Бұл күнді соғыстың алғы шебінде қайсарлық пен ерліктің үлгісін көрсетіп, қатары сиреп қалған ардагерлер мен олардың біз сияқты ұрпақтары да тойлайды.

Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пидә еткен туған жеріне оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреміз. Сондай қиыншылық жағдайда душпанның бақайшағына дейін қаруланған қалпаған әскеріне төтеп беріп шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаншы сезімнен ұялатады. Сол соғыста өзінің ерлігімен, қайратты мінезімен басқыншы жаумен шайқасқан жауынгер және қабырғасы қайысып, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп тылда жұмыс жасаған Шәмші мен Шарапат әкелеріміз жеңісті жақындатуға өз үлесін қосты.

Біздің ата-әкелеріміз соғыстың лаулаған оты мен қарша бораған оғының астында, ыстық қаны мен ащы терін төккен сол бір жылдар бізден алыстауда. Майдан мен тылдың аты аңызға айналған ерлері де азая түсуде, бірақ олар жасаған ұлы ерлік ешқашан ұмытылмайды. Біз майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің жанқиярлық ерліктерін ұмытпай, оларды мәңгі есте сақтауға міндеттіміз. Сол бір сұрапыл жылдары ел мен жер үшін басқыншы жауға қарсы соғысқан майдангер жауынгерлердің жанқиярлық ерлігі мен тыл еңбеккерлерінің еңбегін құрметтеу – парыз.

Үлкен әкем Шарапат Мұзапбаров 1925 жылы, өзімнің әкем Шәмші Мұзап-

баров 1927 жылы Қармақшы ауданында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылған. 1943 жылы үлкен әкем Шарапат әскер қатарына шақырылып, соғысқа аттанды. Ал Шәмші соғыс басталған уақытта 14 жаста еді.

Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихында фашистік Германия әскерлеріне қарсы соғысқан ұлттар мен ұлыстардың өкілдері ерлік пен мен қажыр-қайраттың, халықтар арасындағы бірліктің үлгісін дәлелдеді. Әкем Шарапат сұрапыл соғыста фашистік Германияның алтыбасты айдаһардың ордасындай Берлиндегі Рейхстагқа дейінгі жауынгерлік жорық жолынан өтті. Ол соғыстан кейін «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медалдарын кеудесіне тақты. Кейін «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске – 20 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске – 30 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне – 50 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне – 60 жыл» жауынгерлік және мерекелік медалдармен марапатталған.

Шарапат әкеміз соғыстан кейін партия-кеңес орындарында жауапты қызметтерде болды. Бірнеше рет аудандық кеңестің депутаты болып сайланған. Жалағаш аудандық атқару комитетінің жауапты қызметкері, статистика бе-

лімінің басшысы, тұрмыстық қызмет көрсету комбинатының директоры қызметтерін атқарды.

Өзімнің Шәмші әкем бозбала шағында тылдағы ауыр жұмыстың қамытын мойнына артып, жеңісті жақындату жолында теміржол станциясына жұмысшы болып тұрды. Соғыс уақытында теміржол саласын стратегиялық магистрал ретінде күзету мен жұмыс жасау НКВД органдарының тікелей бақылауында болды. Лаулаған оты дүниенің төрт бұрышын шарпыған сол сұрапыл соғыста «Тыл – оқопсыз майдан» деп бекер айтылмады.

Жаңадан әскерге алынған азаматтарды майдан шебіне аттандыру, майдан үшін қажетті соғыс техникалары мен жылы киімдерді, азық-түліктерді қажетті жеріне кідіріссіз жеткізу теміржол саласының жұмысшы мамандарына жүктелген. Осындай ауыр да абыройлы міндетті теміржолшылар күндіз-түні тынбай абыроймен атқарды. Олар бұл міндетті мүлтіксіз атқарып, жеңіске лайықты үлес қосты.

Әкем Шәмші әскер қатарында Отан қорғау борышын өтеуге жасы жетпесе де өзінің Отанына деген сүйіспеншілігінің арқасында екінші майдан тылдағы ауыр жұмысқа мойымай адал еңбек еткен. Ол осы салада 40 жыл қызмет жасап,

«Почетный железнодорожник» құрметті атағын алған теміржолшылардың бірегейі еді.

«Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті» деп даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы айтқандай, менің Шарапат әкем майдан даласындағы жанқиярлық ерлігімен, Шәмші әкем тылдағы қажырлы еңбегімен тарихта қалғанын мақтан тұтамын. Ағайынды жігіттерді Құдай айырмаса, адам айыра алмайды» дейтін анам Зейнеп Бақтыбайқызы. Осы сөздің мағынасын үлкейген соң түсінгендей болдым. Ол кісілердің бір-біріне деген құрметі, сыйластығы екен.

Өмірде де солай болды. Менің әкем Шәмші 1978 жылы 18 сәуірде дүниеден оза, Шарапат әкеміз көп ұзамай інісінің қайғысын көтере алмай араға 40 күн салып дүниеден өтті. Бұл біздің әулетімізге ауыр жыл болды, қос қанатымыз қайырылып, екі бірдей асқар тау тірегімізден бірден айырылды. Біздің әулетіміз үшін екі майдан ерлері, екі әкеміздің төні мен жанына соғыс салған жазылмас жараның зардабы осындай болды. Олар соғыс зардабының айықпас дертінен мезгілсіз өмірден өтті.

Аналарымыз Бекзада Жалғасбайқызы мен Зейнеп Бақтыбайқызының қажыр-қайратының арқасында әулетіміз қайта жаңғырып, бой түзеді. Балалар өсіп, ұрпақтар жалғасты, немере-шөберелер дүниеге келді. Бүгінгі бақытты күндеріміз, жарқын болашағымыз үшін Ұлы Отан соғысындағы майдан шебінде шейіт болған боздақтарымыз бен тылдағы ауыр бейнетке мойымай қабырғасы қайыса еңбек еткен ата-әкелеріміз ешқашан ұмытылмайды.

Жанат МҰЗАПБАРОВА,
ішкі істер органдары мен
білім саласының ардагері

Ұлттық ойын ұлықталды

Ұлттық ойын түсініктерін кеңейту, ұлттық ойындарға қызықтыра отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелеу және шапшаңдық, мергендік қасиеттерін дамыту мақсатында «Аmanat» партиясы аудандық филиалының «М.Шаменов ауылдық округі» БПҰ-ның ұйымдастыруымен «Ұлттық мұра» жобасы аясында бес асық ойынынан сайыс өтті. Оған Қаракеткен, М.Шаменов, Далдабай ауылдарының партия мүшелері қатысып, өзара бақ сынасты.

Ойын өте қызықты өтті. Қатысушылар бес асық ойынының түрлі тәсілдерін көрсетіп, шеберліктерін ортаға салды. Әділқазылар алқасы ойынның әділ өрі тартысты өтуін қамтамасыз етіп, сайыс нәтижесі бойынша ІІІ орынды М.Шаменов ауылы, ІІ орынды Далдабай елді мекені иеленсе, топтан оза шауып, бас жүлдені Қаракеткен ауылының асықшылары жеңіп алды. Ойыншыларға дипломдар мен сыйлықтар табысталды.

Асық ату – қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Асық ойнап өскен бала мерген, өзгелерден ептілеу, зеректеу, табандырақ, шыдамды болып келеді. Халқымыз «Қой асығы демей-ақ, қолыңа түссе сақа тұт, асығың алшысынан түссін» деп мақалдап сөйлеуінде асық ойынының қазақ мәдениетіндегі өзіндік орнын байқатады. Жастарды «алтын асықтай немесе киіктің асығындай шымыр бол» деп сипаттау тегін емес. Өйткені



сол арқылы бабаларымыз жас ұрпақты дөлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа, төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеген.

– Бес асық – ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық ойын ғана емес, ептілік пен сабырлықты, ойлау қабілеті мен шапшаңдықты дамытатын тәрбиелік мәні зор мұра. Алдағы уақытта мұндай тағылымды шаралар

өз жалғасын табатын болады, – дейді «Аmanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева.

Иә, осындай игі шаралар арқылы халықтың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы артып, ұлттық құндылықтарға деген құрметі тереңдей түсері сөзсіз.

Ж.АРЫН



Аламесектен майдан даласына дейін

Басқаны біле бермеймін, бірақ осы Аламесек табанында өмір сүрген үлкенді-кішілі естияр адамдардың арманы «ашаршылық болмаса, соғыс болмаса» деп күндерін өткізетін. Бірақ сол қиын кезеңді ауыл жұрты да елмен бірге өңсерді ғой. Содан бері гасырға жуық уақыт өтіпті. Ешқандай аштықсыз, соғыссыз 80 жыл өтті.

Ашаршылықты айта берудің қажеті шамалы, ол зұлмат жылдардың елге әкелген қасіретін еске алудың өзі ауыр. Ал соғыс туралы айтып қалуымыз керек. Өйткені бабалар ерлігі бүгінгі буынға дәріптелуі тиіс. Сонда ғана отансүйгіш, патриот жастар қалыптасады.

Сол Ұлы Отан соғысына 1,5 млн-ға жуық қазақ қатысып, оның жартысына жуығы майдан даласында қалды. Отан үшін от кешіп, майдан даласында ерлік көрсеткен жауынгерлер қатарында аламесектік сарбаздар да болды. Бүгінде олардың барлығы бақылық болды, бірақ өздері кеткенмен ерліктері ел жадында мәңгі жаңғыра бермек. Енді солар жайлы ой тербейік...

Ақберген Тоғымов, Сейілхан Апрезев, Науханбай Нұрпейісов, Пірман Мұратбай, Дауылбай Сыздықов, Махметхан Әбішов, Несіпбай Апрезев, Өмірбек Өтегенов сынды бір ауылдан соғысқа аттанған ардагерлер ерлігіне тоқталмай кетуге тағы болмаса. Пірманның айтуынша, соғыста зеңбіректен күшті қару болмапты.

«Ол қаруды соғыстың құдайы деп айтушы еді. Зеңбірек керекті жерді атып болғаннан кейін дереу орын ауыстырып жасыру керек. Сондайда Сейілхан мен Науханбай ауыр дөңгелегі бар зеңбіректі шөп құрлы көрмей, дырыллатып сүйреп комондир Татар Юлайевтің айтқан жеріне лезде жеткізетін еді» дейтін Пірман ақсақал.

Сұрапылдың соғыстың кесірінен аяғынан айырылып келген Садуахас Сейдалиев, Илияс Досжанов, қолын беріп елге оралған Тәжен Нұрмаханов, Ыдырыс Ақсақаловтар бейбіт өмірде де халық игілігіне пайдалы жұмыс істеді. Мысалы, Несіпбай Апрезев күріш егіп «Социалистік Еңбек Ері» атанды. Тәжен колхоз төрағасы болса, Илияс ұшақ комеданты, Сейілхан пошта бастығы болды. Ал Пірман кантор басшысы болып жұмыс істеді.

Ақберген Тоғымов та осы ауылдан соғысқа аттанып, майдан даласында ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Ол кісі өзінің қай жерде соғысқа қатысқанын, ұрыс даласындағы қиыншылықтарды айтып, бізді бейбіт заманның қадірін білуге шақыратын.

Ауылда салынып жатқан тамның төбесіне салар бір ағаш табылмай жатқан кез еді. Ахаң «бір жерден ағаш көрдім» дейді. Оны естіген Әбіш ақсақал «қайда ол түзу ағаш, айтсайшы сұрайық» дегенде Ахаң «ол ағашты Зейтоммерде көріп едім» деп өзінің Украина майданында болғанын білдіріп, жұртты күлкіге қарық қылғаны бар.

Махметхан Әбішұлы 1945 жылдың ақпан айында өз зводымен жаудың жаяу әскерін қоршап, 20 офицерін казармаға айдап келген. Осы еңбегі үшін батыр атағына ұсынылған, бірақ берілмей, кейін бұл ерлігі бір орысқа телініпті. Соғыс кезінде де осындай келеңсіз оқиғалар болып тұрыпты.

Махметхан ағамыз соғыстан кейінгі жылдары колхоз бастығы болып жұмыс істеді. Қарабай ақсақал пәнге түсіп, көп жылдан кейін ақталып, өңдірісте еңбек етті. Садуахас Сейдалиев ұзақ уақыт колхоз базасында қарауыл болып еңбек етті. Ал Төлеу Итемгенов бір емес, бірнеше соғысты басыннан өткізген. Керек десеңіз, азамат соғысына да қатысқан.

Пірман ақсақал соғыс туралы естеліктерінде былай дейді: – Зенитканы басқа жерге көшіріп, үстің жасырып болған соң іргедегі екі бөлмелі тамға келіп бесуеміз демалдық. Жатқан бойдан ұйықтап кетіпті. Таң атып қалыпты, тамның үсті дүрс етті де жым жырт болды. Дереву далаға шықтық, бізге үйдің үстіне түскендей болды, бақсақ, бұл өрірекке түскен жарылғыш зат екен. Комондир Юлаев діни сауатты адам ғой, дереу аят оқып, қол жайып бата алған соң былай деді: – Біз тегіс елге аман-есен қайтамыз, тек жарақаттымыз болады, – деді. Айтқаны дәл келді. Сол күні немістің әскери құрам бастығы Поулес қоршауға түсті. Содан кейін немістер шегіне бастады. Бірден ауылға сырттан инвесторлар келіп жиналыс жасады, – деді.

Бірде біраз ақсақалды жинап молдаван жігін күріш аңызы жайлы айтты. Ол өзінің Молдовияның азаматы екенін, туған жерін айтқан кезде Дауылбай ақсақал орнан тұрып: – Сол айттып отқан жерді мен өз зводоммен жаудан азат еткен едім, – деді.

Әлгі жігіт сөзін бөліп қалтасынан 50 мың сом ақшаны суырып Дауылбай ақсақалға берді. Біз таң қалдық, неткен отаншылдық десеіші.

Соғыс зардабын шегіп, бір мүшесінен айырылды. Елге қауышқанына мәз болып, үкіметтен ештеңе талап етпеді. Шама-шарқында жұмысқа араласып жүре берді. «Мен соғысқа барып қан төктім» демеді, берген жұмысына ырза болып бала-шағасын асырып жүре берді. Соның бірі – Әбітай Сәрсенбаев. Ақсақал елге ІІ топтағы мүгедек болып оралды. Бірақ ол ол құжатын көрсетпей колхоздың арық қазу жұмысына араласып кетті. Сонда әйелінің атынын сырық қазап келсе, 2 кесе тары алады екен, ол кезде үлкен тамақ болған. Кейін тоқшылық бола бастағанда құжатты терапевт дәрігер Ердеулет Құрманбаевқа көрсетіп, көлік мінді.

Ұрыс даласында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен майдангерлер ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Қазақ халқының көрген азабы мен азары өткен жылдарда аз болған жоқ, сол зұлмат жылдарды өңсерген бабалардың да мақсаты ортақ болды. Ол «келер ұрпақ бейбіт заманда күн көшсін» деген ортақ мүдде еді. Қазір шүкір, тәуелсіз мемлекеттің жастары бабалар армандаған бейбіт заманда тату-тәтті күн кешуде. Ерліктің өтеуі осы болар, сіре.

Мұқан МҰРАТБАЙ,
Есет батыр ауылының ардагері

Хабарландыру

Жалағаш ауданы тұрғындарының назарына!

22.04.2025 жылы Жалағаш кенті, Ақсу, Қаракеткен, Далдабай, Таң, Жаңақоныс, М.Шаменов елді мекендерінде:
23.04.2025 жылы Аққұм,Аламесек, Бұхарбай батыр, Еңбек, Жаңадария елді мекендерінде;
24.04.2025 жылы Аққыр, Жаңаталап, Мақпалкөл, Мәдениет, Мырзабай ахун елді мекендерінің ауыз су жүйелерінде жоспарлы көктемгі жуу-шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз суды пайдалануға болмайтын ескертеміз.
Анықтама тел: 8(72431) 31-5-45, 79-1-41.

«Сыр суы» филиалының «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі

2025 жылы ІІ тоқсанда Жалағаш ауданы әкімінің аппаратында аудан әкімінің, оның орынбасарлары мен аппарат басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Ибраимов Ардақ Әбдіғаппарұлы	Аудан әкімі	Жұма күні сағат:16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
2	Нұрмағамбетов Арнұр Өлібекұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Бейсенбі күні сағат:16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
3	Байнахатов Әліби Қодарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Дүйсенбі күні сағат:16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
4	Сұлейменов Ғани Кенжеғараұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Сейсенбі күні сағат:16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
5	Дүйсекеев Жасұлан Талғатұлы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Сәрсенбі күні сағат:16.00-18.00 аралығы	Апта сайын

Қолдау

Шағын залда шындалған

Ынтымақ-бірлігі жарасқан берекелі ауылдың бірі – Ақсу. Соңғы жылдары бұл ауылда қажеттілігіне қарай өзекті мәселелер көзең-кезеңімен шешімін тауып, елді мекеннің еңсесін тіктеуге бағытталған жарқын жобалар жүзеге асты. Атап айтсақ, жаңадан дәрігерлік амбулатория бой көтеріп, ауыл мен кентті жалғайтын жол күрделі жөндеуден өтті. Ал былтырдан бастап халқы көгілдір отын тұтына бастады. Халықтың енді сапасы сын көтермейтін ой-шұқыры көп ішкі көшелер жөнделсе деген ұсынысы да жоқ емес. Бұған қатысты жергілікті билік алдағы уақытта арнайы жобаларды қолға алмақ.



Айта кетейік, ауыл жастары білімге құштар, спортқа бейім, әсіресе өнерге жақын. Олар білім бәйгесінде жыл сайын мемлекеттік грантты жеңіп алса, спорттық сайыстарда топ жаруда. Ауылдың абыройын асқақтатып жүрген жастардың спорт мектебі жұмысымен танысудың сәті түсті.

Ауылдағы №13 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде бокс пен қазақша күрес үйірмесі жұмыс жасайды. Ауыл жастары аталған спорт түрін дамытып, талай жетістіктерге жетіп жүр. Оларды ауылда қазақ күресі мен белбеу күрестен Қазақстан Республикасының спорт шебері атағын иеленген жалғыз спортшы Ұласхан Алпысбай жаттықтырады. Ол езінің спорттық шөжіресін 2014 жылы бастап, күрес өллігесін Әмірбек Кәлменов пен Жайдарбай Есенов ағаларынан үйренген. Өз ауылының қара домалақтарын спортқа баулуды мақсат еткен ол қазіргі таңда жергілікті жастарды шағын залда шыңдап жүр. Айтуынша, спорт мектебінде 2023 жылдың тамыз айынан бастап қазақ күресі мен бокс үйірмесі жұмыс жасап

келеді. Бапкердің сөзіне сүйенсек, бұл үйірмелер ауыл жастарының уақытын тиімді әрі пайдалы өткізуге үлкен үлес қосуда. Үйірмеге оқушылар 2-3 сыныптан бастап қабылданады. Қазіргі таңда мұнда 30 бала бар, оның 3-еуі – қыз, 27-сі – ер бала. Олар мұнда аптасына 5 рет дайындық жүргізеді.

– Қазір қазақ күресімен қатар дзюдо да қарыштап дамуда. Себебі ол – барлық халық қызығатын спорт түрі. Ауылда арнайы дзюдо үйірмесі жоқ. Десе де үйірме қатысушылары ептілігі мен ынтасының арқасында бұл күрестің қыр-сырын жетік меңгерді. Нәтижесінде талай байрақты бөсекде бозкілемде белдесіп, ел намысын қорғап жүр. Жалпы бапкер болу үнемі ізденісті, шеберлікті талап етеді. Бапкер ретінде менін басты міндетім – сенім артып, үйірмеге келген әр шәкіртімің бойындағы талантың ашып, оларды жеңіске жетелеу, – дейді ол.

Жоғарыда атап өткеніндей, мұнда бокс үйірмесі де бар. Алайда қатысушылар саны аз. Себебі жастардың басым бөлігі қазақ күресіне қызығушылық танытқан. Үйірмеге қатысушы оқушылардан бөлек

мұнда жасы үйірме талабына жетпейтін кішкентай бүлдіршіндердің де қарасы қалың. Спортшылар дзюдодан аудандық жарыстармен шектелмей, облыстық, республикалық сайыста да бақ сынап, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Жаттықтырушының айтуынша, олар жыл басынан бері бірқатар жарыста топ жарған.

Атап айтсақ, халық балуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлын еске алуға арналған қазақ күресінен 2014-2015 жылдары туған ұлдар арасында өткен қалалық ашық турнирде +50 келі салмақ дәрежесінде Ернұр Қартаңбай I орын иеленген. Ал Серік Әлихан 46 кг салмақ дәрежесінде II орынға тұрақтапты. Дәл осы турнирдің қыздар арасында өткен сайысында 36 келі салмақ дәрежесінде Инабат Оңласын үздік үштікті түйіндеген. Ал ең жас спортшылардың бірі Заңғар Қаржаубай «Zhigeg» спорт клубының күбегі үшін қазақ күресінен 2015-2016 жылдары туған кіші жасөспірім ұлдар арасында өткен қалалық ашық біріншілікте 20 келі салмақ дәрежесінде II орынға тұрақтапты. Дзюдо күресінен 2016-2017 жылы туған жасөспірімдер

арасындағы ашық біріншілікте 32 келі салмақ дәрежесінде Нұрболатұлы Ержігіт III орын алған. Былтыр Тәуелсіздік күніне арналған дзюдо күресінен 2015-2016 жылы туған балалар мен жасөспірімдер арасындағы аудандық ашық біріншілікте 23 келі салмақ дәрежесінде белдескен балуан Асқар Жан III орын, дәл осы тартысқа толы сайыстың 32 келі салмақ дәрежесінде Ұлтан Әлихан да үздік үштіктен көрініп, ойынды қорытындылаған.

Мұнда жас болса да үлкен байрақты бөсекелерде белдесіп жүргендердің бірі – Ернұр Қартаңбай. Оның қазақ күресін жанына серік еткеніне 2 жыл болды. Аз ғана уақытта бірнеше сайыста топ жарып, үздіктер қатарынан көрініп келеді.

– Кішкентайымнан спортқа жақынмын. Үйірмеге жаттықтырушым Ұласхан ағайын шақыртуымен 2023 жылдан бері қатысып келемін. Аз ғана уақытта үздіксіз дайындық жасап, алдыма нақты мақсат қойдым. Ең үлкен арманым – әлем чемпионы болып, елімнің көк туын желбіреткім келеді, – дейді жас спортшы Ернұр Қартаңбай.

Ол былтыр қазақ күресінен 2011-2013 жылы туған жасөспірімдер арасында Бұғыбайұлы Ерболатты еске алуға арналған республикалық турнирде +42 келі салмақ дәрежесінде күресіп, қарсылас шақ келтірмеген. Кіл мықтының басын қосқан бұл сайысқа Нұрдәулет Қаршыға да қатысып, үздік үштіктен көрініпті.

Мұнан бөлек Нұрдәулет дзюдодан 2015-2016 жылы туған кіші жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы «BAITAS OPEN» республикалық турнирінде қола медальға ие болған. Дәл осы сайыстың 2011-2012 жылы туған қыздар арасында өткен кезеңінде Айгерім Боранбай да үздік үштіктен көрініпті.

Әрине, мойынға таққан алқада тынымсыз еңбек пен тегілген тер бары даусыз. Тізе берсек, мұндағы спортшылардың жетістігі көп. Бұл – спортшылардың тыңғылықты дайындығы мен олардан чемпион шығаруды мақсат еткен бапкердің еселі еңбегінің жемісі. Ауыл жастарының алдағы уақытта да жеңісті жолдан жаңылмай, аудан абыройын асқақтата беретініне сеніміміз мол.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Бәрекелді!



Үйірменің үйретері көп

Ауданда қарқынды дамыған саланың бірі – спорт. Сала саңлақтары қай спорт түрінен жарысқа барса да жеңіспен оралуды дәстүрге айналдырған. Әрине, бұл ең алдымен мемлекет қолдауының нәтижесі, бапкерлердің ерен еңбегінің жемісі. Аудандағы «Наркескен» спорт клубының сайыпқыран спортшылары да жыл басынан бері қоржынға түрлі медаль жинап үлгерген. Солардың қатарында – бір спорты үйірмесінің қатысушылары да бар.

Спорт клубында бір спорты бойынша команда дайындау үшін 2016 жылы арнайы үйірме ашылған. Аудан әкімдігінің қолдауымен, демеушілердің көмегімен бір спорты үйірмесі талапқа сай қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бұл жұмыстар бүгінде өз жемісін беріп, аталған спорт түрі дамып, жыл сайын үйірмеге қатысатын жастар қатары артып келеді. Қандай жарысқа барса да қоржындары бос қайтпайтын үйірме спортшылары жыл басынан бері біраз жетістікке жетіп үлгерген. Оларды өз ісінің маманы, жоғары санатты жаттықтырушы, Азияның екі дүркін чемпионы Абдулхасан Сейтенов дайындайды.

– Бүгінде үйірмеге кент, ауылдардан аптасына 4 күн 60-қа жуық оқушы келеді. Үйірмеде 4 топ бар, оның біреуі – «Сауықтыру» тобы. Жігіттердің еңбекқорлығы талай сайыста байқалды. Олар спорт шеберіне үміткер атағын алу үшін біраз тер төкті. Нәтижесінде Төлеген Қайсар – спорт шебері, ал Нұрлан Қуаныш, Өтеген Әділбекұлы, Ербол Әзиз, Нұрислам Орынбасар, Ислам Мәжіев – спорт шеберіне үміткер, – дейді бапкер Абдулхасан Сейтенов.

Спорт шебері Төлеген Қайсар былтыр Тайвань мемлекетінің, Тайбэй қаласында өткен сайыста Азия чемпионы атанған. Бір тасын алақанда ойнатпайтын 14 мемлекеттің мықты спортшылары қатысқан сайыста жерлесіміз жастар арасында 78 кг салмақ дәрежесінде серпе көтеру жаттығуында I орын иеленсе, ұзын айналым жаттығуында II орынға тұрақтаған. Бойындағы күш-жігерін әлем алдында дәлелдеп, елдің абыройын асқақтатқан спортшымыз 13 жасынан үйірмеге тұрақты қатысып келеді.

Спорт шеберіне үміткер Әзиз Ербол былтыр ҚР чемпионы атанған. Ол әуесқой ерлер арасында серпе көтеру сайысында дүбірлі доданың көркін қыздырып, 73 кг салмақ дәрежесінде қос 24 кг бір тасын 115 рет көтеріп, алтыннан алқа таққан.

Бағы мен бабы келіскен бапкердің шәкірттері жыл басында Сырдария ауданында өткен ұзын айналымды серпе көтеру жаттығуынан облыс біріншілікке қатысқан. Нәтижесінде 18 спортшының 11-і алтын, 4-еуі күміс, 3-еуі қола медаль иеленген. Жеңіс тұғырынан көрінген жігіттер Астана қаласында жастар мен жасөспірімдер арасында өтетін Қазақстан Республикасының чемпионатына жолдама алды. Алайда чемпионатқа 11 спортшының 9-ы қатысып, ересектер арасында 68 кг салмақ дәрежесінде Ислам Мәжіев, жастар арасында 78 кг салмақ дәрежесінде Қайсар Төлеген, жасөспірімдер арасында 68 кг салмақта Нұрлан Қуаныш қола медаль иеленді.

Мұнан бөлек спортшылар сәуір айының басында серпе мен жұлқа көтеру жаттығуынан жастар мен жасөспірімдер арасында өткен облыстық біріншілікте белсенділік танытты. Аудан абыройын қорғаған 17 спортшы серпе көтеру жаттығуынан 10 алтын, 3 күміс, 3 қола иеленді. Ал жұлқа көтеру жаттығуынан спортшылар 9 алтын, 3 күміс, 2 қола медальды қоржынға салған. Алтыннан алқа таққан спортшылар Астана қаласында өтетін ҚР чемпионатына жолдама алды. Тартысқа толы сайыс нәтижесінде Төлеген Қайсар жастар арасында 73 кг салмақта II орын иеленсе, Өтеген Әділбекұлы жасөспірімдер арасында өткен сайыста 63 кг салмақта үздік үштікті түйіндеп, ойынды қорытындылаған.

Мекеме басшысы Батырбек Нұрланұлы білікті бапкердің қажырлы еңбегі жоғары бағалап, аудандағы бір спорты үздіксіз даму үстінде екенін тілге тиек етті. Басшылық тарапынан қолдау мен көмек болған жерде спортшылардан нәтиже болары хақ. «Шымшық сойса да, қасапшы сойсын» демекші, әр үйірмеге білікті бапкер жетекшілік еткенде ғана шәкірттері белгілі бір нәтижеге қол жеткізеді.

Айта кетейік, үйірме қатысушылары жыл сайын 500-ге жуық ауыл спортшылары бас қосатын «Алтын күз» спартакиадасынан соңғы жылдары командалық есеп бойынша алғашқы үштіктен түспеген.

Бапкерінің айтуынша, спортшылардың бос уақыты жоқ. Бірі жарыстан келсе, енді бірі жарысқа барады. Ол қазіргі таңда спортшыларды осы айдың соңында Өзбекстанда жасөспірімдер арасында өтетін әлем чемпионатына дайындау үстінде. Спортшылардың байрақты бөсекде ел мерейін үстем етіп, жеңіспен оралуын тілейміз.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



Мерей СЕКСЕНБАЙ,
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың
4-курс студенті

Футболдан чемпиондар лигасының плей-офф кезеңі тартысты өтті. Әсіресе 1/4 кезең «Реал Мадрид» жанкүйерлеріне ауыр тиді. Лондонда алаң қожайындарынан ойсырай жеңілсе де жанкүйерлері қарымта кездесуде дәл осы ойынның жауабын күтті. Бірақ сенім ақталмады.

Қос команданың да биыл чемпиондар лигасының кубогынан үміті бар, оны ойын барысында анық аңғардық. Ө дегеннен М.Артета шәкірттері шабуылға басымдық берсе, «Реал Мадрид» ойыншылары да бірнеше рет қарымта шабуыл ұйымдастырды. Десе де алғашқы таймда есеп ашылмады.

Екі жыл бұрын «Вест Хэмнен» келген Деклан Райс сурмерген өкен. Ойынның 58 жөне 70-інші минутында бас төреші белгілеген айып добының ешқайсысын құр жібермеді.

Мұнан кейін де «Арсенал» ойыншыларының шабуылы бәсеңдемеді, шабуылды үдетпейтіндей жөні бар, себебі Анчелотти шәкірттері сырт алаңда талай ойсырай жеңіліп, қарымта кездесуде жауабын берген. Ойынның 75-інші минутында былтыр ғана лондондық команда сапын толықтырған М.Мерино есепті еселеп, белгиялық қақпашыдан айласын асырды.

Бейсенбіге қараған түні «Сантьяго Бернабеуде» «Реал Мадрид» «Арсеналды» қабылдады. Жанкүйерлер сырт алаңда 3 гол айырмашылықпен ұтылса да алаң қожайындарының жартылай финалға шығатынына сенімді болғандай. Стадионда ине шаншар орын жоқ, барлығы испаниялық клубтың келесі кезеңге өтуін қалайтындай.

Алғашқы таймда қос команда да шабуылға басымдық берді, әдетте бірінші ойында бірнеше гол айырмашылықпен жеңіске жеткен команда қарымта кездесуде қорғанысқа басымдық беретін. Бірақ «Арсеналдың» ойыны мүлде басқа арнада өрбіді. Керісінше шабуылды үдетіп, Куртуа күзеткен қақпадан саңылау табуға тырысты.

Ойынның 13-інші минутында бас төреші «Реал Мадрид» қақпасына 11 метрлік айып добын белгіледі. Бірақ бұл жолы Б.Сака мулт кетті, бірақ келесі таймның 65-інші минутында шабуылшы бұл айыбын жуып-шайды.

Қарымта кездесудің аяқталуына 25 минут қалды, бұл гол алаң қо-

жайындарына «жығылғанға жұдырық» болды. Араға 2 минут салып, Жунитор Винисиус Рая күзеткен қақпадан саңылау тапты. Алайда бұл голдың ешқандай маңызы болмады, тіпті төреші белгілеген қосымша уақытта лондондық клуб тағы бір гол соғып, жеңіске жетті. Осылайша жыл сайын ақтық мөреден көрінетін испаниялық клуб бұл жолы 1/4 кезеңде жарыс жолынан сырғыды.

Биыл өз лигасында да, чемпиондар лигасында да каталониялық клубтың қарқыны қатты. Соңғы 2-3 жылда шабуылшылары мен жартылай қорғаушыларын 80 пайызға жаңалаған «Барселона» – биыл кубокқа басты үміткерлердің бірі. Чемпиондар лигасының 1/4 кезеңіне олар еш қиындықсыз өтті. Ал жартылай финалдың жолдамасын «Боруссия Дортмундпен» сарапқа салды. Сарапқа салғанда қалай, өз алаңында ойынның тағдыры шешілгендей болды. Алғашқы таймда жылдамдығымен әрі мергендігімен көзге түскен Рафинья есеп ашса, келесі таймда Левандовски дубль атанды. Айта беретін Ямаль 4-інші голмен ойынды қорытындылап, сырт алаңда еркін жүрудің қамын жасады.

Сырт алаңда ойын мүлде басқа арнада өрбіді, керісінше германиялық клуб ө дегеннен шабуылды үдетіп, алғашқы таймда есеп ашты. Келесі тайм басталған бойда Гирасси дубль атанды. Өттеген-ай дейтін тұс та осы жер, ойынның 54-інші минутында Бенсебаини өз қақпасына гол салып алып, жанған үмітті қайта өшіргендей болды. Арада 15 минуттай уақыт өткенде Гирасси хет-трик атанды. Келесі кезеңге өту үшін алаң қожайындарына әлі 2 гол керек. Өкінішке орай есеп сол күйі қалды.

Бұған дейінгі ойында «ПСЖ» чемпиондар лигасының 1/8 кезеңінде «Ливерпульды» сүріндірген. Жартылай финалға дейін тағы бір англиялық клуб күтіп алды. «Астон Вилла» былш айтарлықтай негізгі құрамды жаңартқан. Жас ойыншылар көп болмаса да, көңігі ша-



буылшылар осы клубтың төңірегінде тоғысты. Мәселен, бұрын «Реал Мадридте» өнер көрсеткен Асенсио, «Манчестер Юнайтедте» ойнаған Рэшфорд та бүгінде «Астон Вилла» құрамында. Луис Энрике шәкірттерінің өз алаңында айқын басымдыққа қол жеткізу үшін барын салғаны да сондықтан.

Бұл ойын тартысты өтті, тіпті бірінші болып, «Астон Вилла» ойыншылары есеп ашты. Десе де алғашқы таймның соңында таразы басы теңесті. Келесі таймда алаң қожайындары 2 гол соғып, жеңісті қолдан жұлып алды.

Сырт алаңда «ПСЖ» ойынды жақсы бастағанымен «Астон Вилла» ойын соңына дейін жеңіске жетті. Алайда бұл кездесудің олардың келесі кезеңге өтуіне еш пайдасы тиген жоқ. Өз алаңында франциялық клуб

соңғы голды күтпеген жерден салды. Мартинес соны тосып алғанда ойынның басқа арнада өрбүд де мүмкін еді.

Германиялық тағы бір клуб сүрінді. Италиялық клубтан ұтылған «Бавария» сырт алаңда тең тарқасып, чемпиондар лигасындағы сапарын аяқтады. Ал «Интер Милан» жартылай финалда каталониялық клубпен кездеседі. Бұл ойында ақтық мөреге кімнің өтетіні айтпаса да түсінікті. Футболсүйер жанкүйерлер үшін «Арсенал» мен «ПСЖ» арасындағы кездесудің тағдыры жұмбақ. Биыл ақтық мөре тартысты өтеді, себебі «Барселонаға» «ПСЖ» да, «Арсенал» да – лайықты қарсылас.

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №639

Кезекші редактор: Ерлан СОЗАКБАЕВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru